

Балдай тәтті балалық

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бар қазақ даналығында. Бала - өмірдің гүлі, біздің болашағымыз. Бұл өмірдің базары да, ажары да – біздің бүлдіршіндеріміз. Осы бүлдіршіндерімізге арналған 1 маусым – Балаларды қорғау

Әр бүлдіршіннің көзі бал-бұл жайнап, қуаныштарында шек болмай тұрғандары байқалды. Бүлдіршіндерге осындай қуаныш сыйлауға үлес қосқан Пржевал ауылының ЖШС директоры Э.Б. Таттыбаев. Ол «Айгелек» шағын орталығының



күніне орай ауылымыздың дәмханасында мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ауылымыздың ЖШС директоры Э.Б. Таттыбаев, ауыл әкімі Б.С. Билялов, мектеп директоры Д.Д. Исиналар өз сөздерінде бұл бүлдіршіндерден еліміздің бетке ұстар азаматтары шығатындарына сенім артып, ыстық ықыластарын білдірді. Мерекелік бағдарлама «Айгелек» шағын орталық тәрбиеленушілерінің өнерімен бастау алды. Қос жүргізушінің алғы сөзінен кейін балғындар өте әсерлі етіп, өз өнерлерін барынша көрсетті. Жаны таза, пәк сәбилер былдырлаған тілдерімен балабақша тәрбиешілеріне арнап өлеңдерін де айтты. Кішкентай балапандардың айтқан әндері, әр халықтың ұлттық би түрлері, хормен айтқан әндері көрермен қауымды бір серпілтіп тастады. Әсіресе, ата-аналарды шаттыққа, ерекше сүйіспеншілікке беледі.

көптеген тәрбиеленушілеріне ойыншықтарды сыйға тартып, арнайы мерекелік дастархан жайды. Балаларға дәруменге толы шырындар мен тәттілер таратылды. Сонымен қатар өзіміздің ауылымыздың наубайханасында пісірілген ісі аңқыған тоқаштары балалардың үстеліне қойылды. Бүлдіршіндердің шаттанғанын көріп, қазақ атамыздың «Үлкеннің мыңына бергенше, баланың біріне бер» деген қағидасын ұғынғандай болдық. Байлық – қолда ұстаған мұз, бақ – ұзатылған қыз, бала – адамнан қалған із. Балаларға жасалған әр жақсылық – ешқашан ұмыт қалған емес. Осындай әр азаматтарымыз бен ағаларымыз көбейе берсін. Олар барда балалардың болашағы балдай болмақ.

**Д.С. Макенова,
Пржевал ауылының
кітапханашысы**